

Нашақорлық – қоғам қасіреті

2014 жылы 22 қараша күні Компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультетінің информатика кафедрасында "Кәсіптік білім беру" мамандығының 101 топ студенттерінің ұйымдастыруымен "Нашақорлық – қоғам қасіреті" атты кураторлық ашық сабағы өтті.

Осы ашық сабақта қоғамда болып жатқан нашақорлықтың қасіреті жайлы өзекті мәселелер қарастырылды. «Салауат» (темекі), «Денсаулық» (арак), «Есірткісіз болашақ» (есірткі) атты үш топқа бөлініп, іс-шара сайыс түрінде өткізілді. Сайыс нәтижесінде «Салауат» тобы оза шауып 1-ші орынды алса, 2 – ші орынды «Денсаулық» тобы мен «Есірткісіз болашақ» топтары тең ұпай жинап өзара бөлісті.





